

Жезқазған қаласы жерлері бойынша 2018 жылға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 19/181 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 наурызда № 4650 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңдарына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Қоса беріліп отырған Жезқазған қаласы жерлері бойынша 2018 жылға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

A. Досанов

C. Медебаев

Жезқазған қалалық
мәслихатының
2018 жылғы 27 ақпандағы
№ 19/181 шешімімен бекітілді

Жезқазған қаласы жерлері бойынша 2018 жылға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары

1 тaraу. Кіріспе

1. Осы Жезқазған қаласы жерлері бойынша 2018 жылға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі- жоспар) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңына сәйкес жайылымдарды ұтымды пайдалану, жем-шөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болдырмау мақсатында қабылданды.

2. Жоспарды әзірлеу үшін келесі ақпарат пайдаланылды:

Жезқазған қаласының жерінде соңғы геоботаникалық зерттеулер 1986 жылды Жезқазған ауылшаруашылық тәжірибе станциясында "Казгидрозем" Жезқазған институты филиалының геоботаникалық отрядымен жасалған жерлерін геоботаникалық зерттеп-қарастыру жөніндегі есеп;

"Жезқазған қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесімен берілген, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер;

"Жезқазған қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесімен берілген, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер;

"Жезқазған қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесімен берілген, үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер;

мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) занды тұлғалар берген өзге де деректер.

3. Жезқазған қаласының индустримальдық бағытынескере отырып, ауыл шаруашылығы әлеуеті үлкен емес және қаланың қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді, себебі мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының өнім негізінен жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауылдық округтерде шығарылады.

4. Қаланың әкімшілік аумақта ауыл шаруашылығы алқаптары ретінде пайдалану үшін жарамды жерді көлемі жеткілікті, сонымен қатар, өнеркәсіптің қарқынды дамуы халықты жұмыспен қамтамасыз ете отырып еңбек ресурстары алаңдатады.

5. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығын дамыту, неғұрлым өзектіленіп келеді. Соңғы жылдары қаланың жерлерінде аграрлық секторында өнімдердің жалпы көлемінің тұрақты өсуі және агроөнеркәсіп кешені қарқынды дамуы байқалуда. Мал басы және мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы өнімінің негізгі түрлерін өндіру артты.

6. Қала аумағы 858 872 гектарды құрайды, оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 538 148 гектар - 63 %, 8,7% астамы - елді мекендердің жерлері, орман және су қорының жерлері 983 гектар, су қоры 5 231 гектар, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер- 2263 гектар, босалқы жерлер - 228 630 гектар, өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер 8 179 гектар құрайды

7. Саланы тұрақты дамытудың құрамдасы ауыл шаруашылығы маңызы бар жерлерді ұтымды пайдалану болып табылады.

8. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану - жер участкерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың ауыл шаруашылығы өнімін өндіру процесінде жер пайдалану мақсаттарын жүзеге асыруда жерді қорғауды және табиғи факторлармен өзара онтайлы әрекеттесуді есепке ала отырып, топырақтың құнарлылығы мен жердің мелиоративтік жай-күйінің айтарлықтай нашарлауына әкеліп соқтырмайтын тәсілдерімен жоғары дәрежеге жетуді қамтамасыз ету.

9. Жайылым пайдаланушылар үшін жайылымдарды оларды тоздырмай тиімді пайдалану басты міндеті болып табылады.

10. Осыған байланысты, 2018 жылға жайылымдарды басқару және оларды пайдалану бойынша жоспары, азықтық қажеттілігін және жайылымдардың тозу процесін алдын алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ауыл шаруашылығы құрылымдары мен тұрғындар үшін жайылым айналымдарның схемалары дайындалды.

2 тарау. Жалпы мәліметтер

11. Жезқазған қаласының жерлері Қарағанды облысында орналасқан және Жезқазған қаласының аумағын және 3 ауылдық округті қамтиды- Талап ауылдық округі- орталығы Талап ауылы, Қенгір ауылдық округі - орталығы Қенгір ауылы, Сарыкеңгір ауылдық округі - орталығы Малшыбай ауылы. Ауылдық округтер жерлері негізінен Ұлытау ауданының жерлерінен пайдалануға алынған жерлер. Жезқазған қаласының жерлері Ұлытау ауданымен шектесіп жатыр.

12. Ауылдық округтер жерлері негізінен Ұлытау ауданының жерлерінен пайдалануға алынған жерлер. Жезқазған қаласының жерлері Ұлытау ауданымен шектесіп жатыр.

13. 2017 жылғы 1 қараша жағдайы бойынша Жезқазған қаласының жер қоры 858 872 гектарды құрайды; ауыл шаруашылығы алқаптары жерлері – 538 148 гектар, оның ішінде жайылымы – 534 446 гектарды құрайды.

14. 2018 жылғы 1 қаңтар жағдайына үй шаруашылығы санағы нәтижелері бойынша қала аумағында 5 239 үй шаруашылығы есептеледі, олардың 365 үй шаруашылығында мал мен құс ұстайды. Занды тұлға құрмaston қызметін жүзеге асыратын 238 шаруа қожалығытіркелген.

15. Малды жартылай қорада ұстайды. Жайылым кезеңі сәуір айының соны - мамыр айының басында басталып, қазан айының соны қараша айының басында аяқталады. Қыста малды қорада ұстайды. Қорада ұстau кезеңіне түбекейлі жақсартылған жерлерде табиғи шабындық жем шөптері біртіндеп дайындалады.

3 тарау. Климат

16. Климаттық жағдайлар Орталық Қазақстанның табиғи ландшафттарын қалыптастыру және дамытудың, оның ішінде топырақ жамылғысын құру және дамытуда маңызды фактор болып табылады.

17. Жезқазған қаласы жерлері шөлдейт зонада күрт айқын континентальды климатымен орналасқан, аздаған жауын-шашынды, жазы құрғақ және ыстық, қысы қатты сүйк, аязды, күшті желді және аздаған қар жабындысы бар болып келеді. Қаңтар айы өте сүйк ай, ауаның орташа айлық температурасы -15° - 16° , ең ыстық ай шілде, ауаның орташа айлық температурасы $+23^{\circ}$ - 24° С. Аязсыз кезеңнің ұзактығы 128 күн. Жезқазған қаласының орташа жылдық жауын-шашын мөлшері метеостанция деректеріне сәйкес-150 мм. Желдің басым бағыты - шығыс, солтүстік және солтүстік-шығыстан.

18. Климатты сипаттайтын аса маңызды көрсеткіштер: ауаның орташа айлық температурасы, ауаның орташа жылдық температурасы болып табылады. Климаттың кенет континенттілігі оның маусымда ең жоғары мәні мен ақпан айында шамамен 40° С

құрайтын ең төменгі мәнінің арасындағы ауа температурасының үлкен амплитудасын негіздейді. Сондай-ақ бір тәулік ішінде ауа температурасы амплитудасының ауытқуы өте маңызды. Ауаның көп жылдық орташа температурасы +2,8 °C. Аумақтың жылумен қамтамасыз етілуі жеткілікті. Вегетациялық кезеңнің ұзақтығы көпжылдық бақылаулар бойынша 165 күнді құрайды.

19. Көпжылдық мәлімет бойынша орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 150 миллиметрді құрайды, оны климаттың қуаңшылықты айғақтайды.

20. Негұрлым ылғал жылдары жауын-шашын 183 миллиметрге дейін, неғұрлым қуаңшылық жылдары жауын-шашын мөлшері – 100-200 миллиметрді құрайды.

21. Жауын-шашынның түсі маусымдық сипат алады. Ең көп жауын-шашын маусым – тамыз айларында түседі. Жазғы жауын-шашын көбінесе нөсерлік сипатқа ие, ақ жауын сирек болады.

22. Қысқы жауын-шашын орташа жылдық жауын-шашынның шамамен 20% құрайды. Қысқы айларда желдің орташа жылдамдығы секундына 4-6 метр. Тұрақты соғатын желқолайсыз климаттық фактор болып табылады.

23. Климаттық жағдайлардың деректері: маусымдық және тәуліктік температуралардың кенет ауытқуы, атмосфералық жауын-шашынның аз мөлшері және ауаның едәуір құрғақ болуы жылу сүйгіш және ылғал сүйгіш ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін қолайсыз болып табылады және плакор участкерде ерекше құрғақ далалық өсімдік жамылғысының дамуына негіздейді.

4 тарау. Жер бедері

24. Жезқазған қаласы жерлері ұсақ шоқылар шегінде орналасқан, ол бұзылған таулы аймақты білдіреді. Аумақ жер бедерінің сипаты бойынша өте біркелкі емес. Оның шегінде: ұсақ шоқылар, әлсіз бөлшектелген жазықтар мен өзен аңгарлары ерекшеленеді. Аумақтың батыс жағы тегіс, аз шоқылы болып келеді, шығыс бөлігінде тегіс аз шоқылы аумақ қабатталған тегістікке ауысады. Ауылдық округ аумағының бүкіл батыс бөлігі шоқылардан тұрады. Аумақтың шығыс бөлігінің жер бедері тегіс, ал шоқылар арасы жыра, жылға кең аланды алып жатыр. Мұнда суармалы егістікті дамыту үшін жер бедері бойынша ең жарамды участоктер орналасқан. Қалған аймақ жайылым үшін пайдалануға ғана жарамды. Жезді және Қаракенгір өзендерінің аңгары-бұл ауылдың негізгі жайылымдық алқабы орналасқан тегіс жазық.

25. Қала жерлері бедерін келесі түрлеріне бөлуге болады:

- 1) ұсақ шоқылар және аласа таулар;
- 2) белесті-жонды және шамалы белесті жазықтар;
- 3) өзендер мен бұлақтар алаптары.

26. Кең шоқыаралық кеңістікті уақытша ағын сулар арналарымен тілімделген шамалы белесті жазықтар алады. Жазықтардың участеклері көптеген қойнаулармен жәнежер бедерінің белестігін күшайтетін терендігі 2-4 метр жылғалармен тілімделген.

27. Белесті-жонды жазықтар өте жиі кездеседі, онда ешбір зандылық пен тәртіпсіз биіктейді, кейде осы алқаптарды айдауды айтарлықтай қынданатады.

5 тарау. Өсімдік

28. Әкімшілік аумақтың табиғи өсімдіктері біршама біркелкі және негізінен даланың дәнді шөптерімен, аласа таулы аймақтармен жазықтықтың кей жерлерінде түрлі шөптермен ұсынылған. Күлгін-қызығылт топырақ аумақтарында бетегелі-селеулі және селеулі-бетегелі өсімдіктерінің түрлі даму дәрежесі және даланың түрлі шөптерінің проекциялық жамылғысы дамыған зоналық қоңыр топырақтарда бетегелі-бозды-жусанды өсімдіктер дамыған.

29. Шабындықтарда келесі түрлер басым болып келеді: өсімдіктер қыска және жұқа болып келеді, тұйықтау жамылғы қалыптастырады. Кейде топырақтың бетін кішігірм жайылымдық топырақ алып жатқаны кездеседі. Онда қоршаған орта фонында шалғынды өсімдік-бронең, бидайық- мия тамыры айқын байқалады, сұлыбас, қылтан селеу, қалқан селеу, қызыл селеу, бетеге, қоңырбас, жусанның әр түрі: австриялық жусан, суық жусан, даланың түрлі шөбінен – түйнекті фломис, сасыр, қымбат мыңжапырақ, нағыз қызылбояу және басқа түрлері. Шөлге және аязға қарамай өсетін.

30. Қосымша жер үсті ылғалдандырумен топырақта жазық баурайлардың төменгі үштен бір бөлігінде, шоқыаралық аңғарларының түбі бойынша осындай өсімдік өсіп-өнеді, бірақ аса дамыған, жоғары жобалық жабынмен және алуан түрлі шөптің көп қатысуымен келеді.

31. Шөптесін өсімдіктерден басқа шоқылар баурайы мен шоқыаралық аңғарларда шаңқұрай тобылғысы, қараған сияқты бұталар өседі. Аймақтық топырақта мынадай өсімдік қауымдастыры басым: бетегелі-селеулі, бетегелі-қалқан селеулі, бетегелі-суық жусанды, бетегелі-бозды-бетегелі және басқалары.

32. Өсімдіктің негізгі түрі– бетегелі-бозды-жусанды, қараған мен тобылғы жиі кездеседі. Проекциялық жамылғы 40-50% құрайды. Шоқыаралық төмен жерлерде, жоғары ылғалдандыру жағдайында тұрган өзендер мен бұлақтардың жайылмаларында шалғынды өсімдік: жатаған бидайық, тимофеев, жалаң мия, ақ суоты, қылтанақсыз арпабас, дәрілік қандышөп, шалғындық бүршақ, бес жапырақты жоңышқа және басқа да өсімдіктер өсіп-жетіледі. Шабындық шөп өте тығыз, проекциялық жамылғы 90% жетуі мүмкін. Сортанған шабындықта және шалғынды-қызыл қоңыр топырақтарда зор сабакты дақылдар: ши және жауқияқ басым келеді.

33. Сортаң және қатты сортаң топырақта өсімдіктер сирек. Мұнда қара жусан, марсель қараматауы, жаушалғын басым. Сортаң беті тұз сүйгіш өсімдіктер: ақмамық, сүйелденген алабота, түрлі ащышөп, ши өскен.

34. Округ аумағында селеулі жайылым барлық жерде тараған, мынадай өсімдік қауымдастырын: бетегелі-селеулі, қылқан селеу-бетегелі, қылқан селеу-бозды-бетегелі және басқаларынқұрайтын қылқан селеу және бетегежі кездеседі.

35. Жусанды және жусанды-астық тұқымдас топтар: бетегелі-суық жусанды, бетегелі-әртүрлі жусанды және басқалары да кеңінен таралған.

36. Шалғынды-қызыл қоңыр топырақта жау қияқты-бетегелі, жауқияқты астық тұқымдас өсімдіктер қауымдастыры тараған. Артық ылғалдану орындарында шалғындық және шалғындық-батпақты топырақтарда шалғынды астықтың қатысуымен қияқ тұқымдастар қауымдастыры кездеседі.

6 тарау. Гидрография, гидрология және сулану

37. Гидрография Жыланды, Қаракенгір өзендерімен, бірнеше шағын өзендер мен ағындар, құдықтар мен бұлактар ұсынылған. Өзен анғарының ені 0,5-1 шаршы метр, өзен арнасы бірқатар қатпарлы, ирені көп өзеннің жарнама тармағына ыдырайды, өзендер көктем кезінде еріген қар суымен, жазғы кезеңде жер асты суларының есебінен қоректенеді.

Жезқазған қаласы шегінде Кеңгір су қоймасы орналасқан, Қаракенгір өзенімен толықтырылады, Талап ауылдық округінде Жезді су қоймасы орналасқан.

38. Қаланың жерасты сулары жергілікті жердің бәрінде бар да, жарылған болып келеді. Олардың нәр алатын көзі атмосфералық жауындар, сондай-ақ еріген қар сулары.

39. Жерасты суларының химиялық құрамдары тұzsыз, жұмсақ және күрделі болып келеді. Қаланың барлық аумағына қатысты екі түрлі түрі сипатты: гидрогеологиялық – өзен алқаптарында және еңісі – басқа бөлігінде. Жерасты суларының бағыты биіктіктің еністігіне байланысты байқалады. Тегіс жерлердегі жерасты сулары жылдамдығын азайтып және жер биіктігіне жақын келеді.

40. Негізгі ауыл шаруашылықты сумен жабдықтау жер беті суларымен жабдықтайды, ал елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау жерасты суларын пайдалану есебінен ұйымдастырылған. Жерасты суларының кемердің жоғарғы жағы мал жайылымы ретінде кеңінен пайдаланылады, ал кемерде жерасты сулары жер биіктігіне жақын тұр.

41. Барлық ауылдық округтарда гидрографиялық жүйе дамыған.

42. Жыланды, Қаракенгір, Жезді өзеннің ағысы қатты болып келеді. Оның құйылым үлесі барлық құйылымның 96% құрайды. Көктемгі су тасқыны кезінде олар 15-20 есеге ұлғаяды. Осы уақытта жылдық құйылымның 80% дейін құрайды. Тыныш күндері өзеннің лайлыштығы он есеге дейін азаяды (литрге тұз 150-500 миллиграмм).

43. Су режимі көктемгі жағасынан асып-тасып жататындығымен және көптеген жазғы және күзгі су тасқындарымен сипатталады.

44. Су көздері санының жеткіліктілігіне байланысты жайылым жерлерді толық қамтамайды.

7 тарау. Геоботаника

45. Жезқазған қаласының жерінде соңғы геоботаникалық зерттеулер 1986 жылы Жезқазған ауыл шаруашылық тәжірибе станциясында "Казгидрозем" Жезқазған институты филиалының геоботаникалық отрядымен жасалған.

46. Жезқазған қаласының жерлері шөлейт зонада орналасқан, қоңыр, құлғын-қызылт топырақ белдем тармағында құрғақ дақта аймағында орналасқан және Орталық Қазақстанның шет аймағына жатады.

47. Алуан түрлі жер бедері және осының салдарынан түсетін жауын-шашының әркелкі бөлінуі, сондай-ақ топырақ құрайтын жыныстардың зор алуан түрлілігі топырақтың барынша әртүрлі болуын негіздейді.

8 тарау. Топырақ

48. Жайылым алқаптардың жерлердегі топырақтардың ең көп тараған түрі күнгірт – қоңыр топырақтар, қызылт топырақтар, олардың түрлері гумус қабатының қаттылығына қарай, гумустың құрамына қарай, қоректік элементтерінің құрамына қарай (азот, фосфор, калий), сортандық процестерінің даму деңгейіне қарай, химизм бойынша әртүрлі тұздардың жату тереңдігіне қарай, карбонаттар мен гипстердің саны мен жату тереңдігіне қарай, механикалық құрамына қарай, қаңқалық және тастылық дәрежесіне қарай ажыратылады. Қызыл-қоңыр түсті топырақ құрамында гумусы (0,6 ден 2,02 %) төмен болып сипатталады. Топырақ жамылғысының белсенді қабаты негізінен кішігірім таужыныстарын қосу арқылы орташа сазды айырмашылықпен ұсынылған.

49. Маңайдағы ылди жерлерден су ағуға немесе топырақ суларының жақын жерлерде жатуына себеп болатында жоғары ылғалдылық жағдайларында терең емес депрессиялар мен өзендердің маңындағы ояндарда астарында әртүрлі сортанды және тұзды деңгейдегі гидроморфты немесе жартылай гидроморфты топырақтар қалыптасатын шалғынды дәнді бозды-бедегелі өсімдіктер өседі. Бұлар шалғынды қара-қоңыр, шалғынды және шалғынды-сазды топырақтар. Аталмыш топырақтардың ашиқ - қара түсті гумус қабаттары болады. Гумустың құрамы автоморфты күнгірт – күрең топырақтарда басымдырақ болады. Бұл топырақтар шалғынды немесе шалғынды күнгірт – күрең сортаң жерлерде, ал кейде шалғынды сораң немесе сораң жерлерде кездеседі.

9 тарау. Жер қорының жағдайы және пайдалану

1 параграф. Жер қорын жер санаттары бойынша бөлу

50. 2017 жылғы 1 қарашага жерді есепке алу мәліметтері бойынша Жезқазған қалаға бекітілген алаңы 858 872 гектар құрайды. Нысаналы мақсатына қарай бүкіл жер қоры санаттар бойынша бөлінеді.

51. Кестеге қарағанда қаланың ауданы 858 872 гектар құрайды, ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер 538 148 гектар, -63 % құрайды, ал елді мекен жерлері қала аумағының 7 4 538 гектар, 8,7% алып жатыр, орман қоры жерлері 983 гектар, жер үлесіне 0,1 % келеді, су қоры жерлері 5 231 гектар -0,6 % құрайды, босалқы жерлер 22 8630 гектар, үлесі 26,7 %, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер-2263 гектар, -0,3 %, өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына өзге де жер 8 179 гектар құрайды, үлесі 0,9 %

52. Жезқазған қаласы ауыл шаруашылығында пайдалану жерлері 121 623 гектарды құрайды. Барлық ауыл шаруашылығында пайдалану жерлері дерлік жеке тұлғалардың тұрақты, уақытша өтеулі ұзақ мерзімдік жер пайдалануда тұр.

53. Ауыл шаруашылығында пайдалану жерлерінен шаруа қожалығын жүргізу үшін -99,1% (120 630 гектар) және бақ шаруашылығын жүргізу үшін және саяжай құрылышының жерлері 0,9% (993 гектар) құрайды.

54. Жезқазған қаласы, Талап, Малшыбай ауылдардың елді мекендердің жерлері 74538 гектарды құрайды, барлық аумағының 8,7% құрайды.

55. Елді мекендер жерлерінің құрамына тұрғын үй құрылышы – 342 гектар, өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін 180 гектар.

56. Қоғамдық-іскерлік құрылыш – 1 181 гектар, өндірістік құрылыш – 6513 гектар, автомобиль-көліктік порт – 965 гектар жерлері, темір жол көлігі – 201 гектар жері, байланыс – 7 гектар жері, бұл тіректер, әуе желілер, жер асты байланыс желілерімен, қосалқы және олардың жұмыс істеуі үшін қажетті басқа да құрылыштар үшін жерлер, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы – 493 гектар жерлер кіреді.

57. Елді мекендердің жерлері құрамына ауыл шаруашылығы жерлері, құрылыш салынған жерлер, көшелер, аландар, адамдардың өмір сүру сапасына маңызды сұы бар және басқа жерлер кіреді.

58. Орман қорының жерлері 983 гектар жерді алып жатыр, бұл қаланың барлық аумағының 0,1 % құрайды.

59. Су қорының жерлері 5 231 гектар ауданды құрайды, қала жерінің аумағының 0,6% құрайды. Су қорын Кенгір, Жезді су қоймасы, Қаракенгір, Жезді өзендер, су

қорғау белдеулөр құрайды. Қаланың су қорлары техникалық қажеттіліктер, малды сауару үшін пайдаланылады.

60. Ауылшаруашылығына жарамды дерлік барлық жерлердегі пайдаланушыларға бекітілген. Елді мекендердің жерлері, әсіресе жайылымдық алқаптар өте қарқынды пайдаланылады.

2 параграф. Жер қорын алқаптар бойынша бөлу

61. Жезқазған қала жерлерінде ауыл шаруашылығы жерлері 538 148 гектарды құрайды. Ауыл шаруашылығы жерлерінің негізгі бөлігін жайылым алыш жатыр және ауыл шаруашылығы алқаптарынан 98,9% (532 747 гектар) құрайды. Сонымен қатар, егістіктер – 486 гектар, көпжылдық өсінділер – 230 гектар, бақшалар үшін – 16 гектар, шабындықтар- 784 гектар, тыңайған жер- 183 гектар, басқа алқаптар- 3 702 гектар.

3 параграф. Елді мекендердің аумақтарын пайдалану

62. Жезқазған қаласы жерлерінің жалпы ауданы 858 872 гектарды құрайды, оның ішінде Жезқазған қаласы аумағы 176 097 гектар, сыртта пайдаланудағы жерлер 682 775 гектар, олардың ішінде ауыл шаруашылық мақсаттағы жерлері 829 473 гектарды құрайды, құрылыштар 1782 гектарды, су –астында 7 937 гектарды, бұталар және басқа да жерлер 309 гектарды, жолдар, бұлінген жерлер 19 371 гектар құрайды.

63. Қала бойынша жайылымдар қажеттілігінің есебі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылым аумағының жалпы ауданына көтерме түсіру нормаларының шегін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 11064 тіркеді), геоботаникалық тексеру материалдарының негізінде жасалған.

64. Жайылымның үлкен аумақтары елді мекендерге жақын орналасқан, жер пайдалануши субъектілеріне жар пайдалануға берілген, осыған байланысты, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участеклеріне тексеру жүргізу аясында 2018 жылы пайдаланбайтын жайылымдарды анықтап және оны жер пайдаланушылардан тұрғындардың қажеттіліктері үшін әрі қарай алыш алу үшін анықтау қажет.

65. Елді мекендерде ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалануда жайылым айналымын сақтау қажет, ол азық түлік базасын жақсартуға жағдай жасайды.

Жазғы кезде малды жайылым азығымен қамтамасыз ету үшін сиыр басын және байға дейінгі жас бұзауларды елді мекендерге жақын орналасқан жайылымдарда қалтыру ұсынылады. Алты жастан жоғары және жылқыларды алыс жайылымдарда жазғы лагерь ұйымдастыру ұсынылады.

10 тарау. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

66. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға:

1) Жезқазған қаласының аумағында кездесетін топырақтың жүйелі тізімі 1 қосымшаға сәйкес ұсынылды;

2) жер қорының жер санаттары кестесі 2 қосымшаға сәйкес ұсынылды;

3) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участеклерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Жезқазған қаласының аумағында жайылымдардың орналасу схемасы 3 қосымшаға сәйкес ұсынылды;

4) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участеклерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Жезқазған қаласының босалқы аумағында жайылымдардың орналасу схемасы 4 қосымшаға сәйкес ұсынылды;

5) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участеклерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Кеңгір ауылдық аумағында жайылымдардың орналасу схемасы 5 қосымшаға сәйкес ұсынылды;

6) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участеклерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Сарыкеңгір ауылдық аумағында жайылымдардың орналасу схемасы 6 қосымшаға сәйкес ұсынылды;

7) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участеклерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Талап ауылдық аумағында жайылымдардың орналасу схемасы 7 қосымшаға сәйкес ұсынылды;

8) Жезқазған қаласы жерлерінде жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы 8 қосымшаға сәйкес ұсынылды;

9) Жезқазған қаласы босалқы жерлерінде жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы 9 қосымшаға сәйкес ұсынылды;

10) Кеңгір ауылдық округі жерлерінде жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы 10 қосымшаға сәйкес ұсынылды;

11) Сарыкеңгір ауылдық округі жерлерінде жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы 11 қосымшаға сәйкес ұсынылды;

12) Талап ауылдық округі жерлерінде жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы 12 қосымшаға сәйкес ұсынылды;

13) Жезқазған қаласы жерлерінде жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы 13 қосымшаға сәйкес ұсынылды;

- 14) Жезқазған қаласы жерлерінде жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы 14 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 15) Кеңгір ауылдық округі жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы 15 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 16) Сарыкенгір ауылдық округі жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы 16 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 17) Талап ауылдық округі жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы 17 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 18) Жезқазған қаласы жерлерінде жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы 18 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 19) Жезқазған қаласы босалқы жерлерінде жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы 19 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 20) Кеңгір ауылдық округінде жерлерінде жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы 20 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 21) Сарыкенгір ауылдық округінде жерлерінде жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы 21 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 22) Талап ауылдық округінде жерлерінде жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы 22 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 23) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі 23 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 24) ветеринариялық-санитарлық объектілер туралы ақпарат 24 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 25) ауыл шаруашылығы мал басының саны туралы ақпарат 25 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 26) ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер 26 қосымшаға сәйкес ұсынылды.

бойынша 2018 жылға
арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарына
1 қосымша

Республикалық жүйелі тізім бойынша шифр	Топырақтың атауы
419	Ашық-қызылт аз құнарлы топырақ
420	Ашық-қызылт толықтай дамымаған топырақ
498	Орташа қуатты шалғынды-ашық-қызылт топырақ
301	Күлгін қызылт аз дамыған топырақ
506	Аз кебірлі орташа қуатты шалғынды –ашық-қызылт топырақ
675	Кебірлер ұсақ ашық қызылт
677	Кебірлер терең ашық- қызылт
691	Кебірлер ұсақ шалғынды ашық- қызылт

Жайылымның басым түрлері:


жусанды-баялышты;
көкпекті-баялышты;
селеулі - бетегелі бұталармен;
бетегелі-селеулі бұталармен;
бетегелі-селеулі-сүйк жусанды бұталармен;
бетегелі сүйк жусанды;
дәнді-аралас шөпті бұталармен;
чиево-жаушалғын;
жаушалғын қарағанмен;
қараған-бетегелі.

Жезқазған қаласы жерлері
бойынша 2018 жылға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
жоспарына
2 қосымша

Жерлер санатының атауы	Алаңы (гаектар)
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	538 148
Елді мекендер (қалалар, поселкелер және ауылдық елді мекендердің атауы)	75 438
Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	8 179
Ерекше қорғалатын табиғи аумактардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	2 263
Орман корының жерлері	983
Су корының жерлері	5 231
Босалқы жерлер	228 630

Жезқазған қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі
жоспарына
3 косымша

**Жезқазған қаласы жерлерінде құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер
санаттары, жер участкелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар
бөлінісінде жайылымдарың орналасу схемасы (картасы)**



Жезқазған қаласы жерлері бойынша 2018


жылға

арналған жайылымдарды басқару және

оларды пайдалану жөніндегі жоспарына


4 косымша

Жезқазған қаласы босалқы жерлерінде құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)




Жезқазған қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану жөніндегі
жоспарына
5 қосымша

**Кеңгір ауылдық округі жерлерінде құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер
санаттары, жер участелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар
бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)**




Жезқазған қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану жөніндегі
жоспарына
6 қосымша

**Сарыкеңгір ауылдық округі жерлерінде құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер
санаттары, жер участелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар
бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)**




Жезқазган қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі
жоспарына
7 қосымша

Талап ауылдық округі жерлерінде күкүйк белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)




Жезқазған қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі
жоспарына
8 қосымша

Жезқазған қаласы жерлерінде жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым нысандары белгіленген картасы




Жезқазған қаласы жерлері бойынша
 2018 жылға арналған жайылымдарды
 басқару және оларды пайдалану
 жөніндегі
 жоспарына
 9 қосымша

**Жезқазған қаласы босалқы жерлерінде жайылымдардың, оның ішінде
 маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары,
 жайылымдық инфрақұрылым нысандары белгіленген картасы**




Жезқазған қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану жөніндегі
жоспарына
10 қосымша

Кенгір ауылдық округі жерлерінде жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым нысандары белгіленген картасы




Жезқазған қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану жөніндегі
жоспарына
11 қосымша

**Сарыкенгір ауылдық округі жерлерінде жайылымдардың, оның ішінде
маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары,
жайылымдық инфрақұрылым нысандары белгіленген картасы**




Жезқазған қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану жөніндегі
жоспарына
12 қосымша

Талап ауылдық округі жерлерінде жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым нысандары белгіленген картасы




Жезқазған қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану жөніндегі
жоспарына
13 қосымша

Жезқазған қаласы жерлерінде жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы




Жезқазған қаласы жерлері бойынша 2018
жылға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану
жөніндегі жоспарына
14 қосымша

**Жезқазған қаласы босалқы жерлерінде жайылым пайдаланушылардың су
көздеріне қол жеткізу Схемасы**




Жезқазған қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану жөніндегі
жоспарына
15 қосымша

**Кентір ауылдық округі жерлерінде жайылым пайдаланушылардың су көздеріне
қолжеткізу схемасы**




Жезқазған қаласы жерлері бойынша 2018
жылға арналған жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану жөніндегі
жоспарына
16 қосымша

Сарыкенгір ауылдық округі жерлерінде жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы




Жезқазған қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану жөніндегі
жоспарына
17 қосымша

**Талап ауылдық округі жерлерінде жайылым пайдаланушылардың су көздеріне
қол жеткізу схемасы**




Жезқазған қаласы жерлері бойынша 2018
жылға
арналған жайылымдарды басқару және
оларды
пайдалану жөніндегі жоспарына
18 қосымша

Жезқазған қаласы жерлерінде жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы




Жезқазған қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану жөніндегі
жоспарына
19 қосымша

**Жезқазған қаласы босалқы жерлерінде жайылымы жоқ жеке және (немесе)
занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын
орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және берілетін жайылымдарға
ауыстыру схемасы**




Жезқазған қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану жөніндегі
жоспарына
20 қосымша

Кенгір ауылдық округі жерлерінде жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы




Жезқазған қаласы жерлері бойынша
2018 жылға арналған жайылымдарды
басқару
және оларды пайдалану жөніндегі
жоспарына
21 қосымша

**Сарыкентің ауылдық округі жерлерінде жайылымы жоқ жеке және (немесе)
занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын
орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және берілетін жайылымдарға
ауыстыру схемасы**



Жезқазған қаласы жерлері бойынша 2018
жылға
арналған жайылымдарды басқару және
оларды
пайдалану жөніндегі жоспарына
22 қосымша

Талап ауылдық округі жерлерінде жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы



Жезқазған қаласы жерлері бойынша 2018
жылға арналған жайылымдарды басқару
және
оларды пайдалану жөніндегі жоспарына
23 қосымша

№	Елді мекен	Маусымның басы	Маусымның аяғы
1	Жезқазған қаласы	сәуірдің соңы – мамырдың басы	қазанның соңы – қарашаның басы
2	Кеңгір ауылдық округі	сәуірдің соңы – мамырдың басы	қазанның соңы – қарашаның басы
3	Сарықенгір ауылдық округі	сәуірдің соңы – мамырдың басы	қазанның соңы – қарашаның басы
4	Талап ауылдық округі	сәуірдің соңы – мамырдың басы	қазанның соңы – қарашаның басы

Жезқазған қаласы жерлері бойынша 2018
жылға арналған жайылымдарды басқару
және
оларды пайдалану жөніндегі жоспарына
24 қосымша

№	Аймақ	Ветеринарлықстанция	М а л бордакылауалаңдары	Үрықтандыру пункттері	М а л қорымдары
1	Жезқазған қаласы	1	0	0	1
2	Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылы	1	0	1	1
3	Сарықенгір ауылдық округі, Малшыбай ауылы	1	0	1	1
4	Талап ауылдық округі, Талап ауылы	1	0	1	1

Жезқазған қаласы жерлері бойынша 2018
жылға арналған жайылымдарды басқару
және
оларды пайдалану жөніндегі жоспарына
25 қосымша

№	Елді мекен	Iрі қара мал	Iрі қараның мал төлі	Жылқылар	Ұсақ мал
1	Жезқазған қаласы	8 803	1 107	7 780	24 698
2	Кенгір ауылдық округі, Кенгір ауылы	2 528	1 440	2 477	10 567
3	Сарыкенгір ауылдық округі, Малшыбай ауылы	1 624	1 009	3 908	8 668
4	Талап ауылдық округі, Талап ауылы	763	605	878	3 416
	Барлығы	13 718	4 161	15 043	47 349

Жезқазған қаласы жерлері бойынша 2018
жылға арналған жайылымдарды басқару
және
оларды пайдалану жөніндегі жоспарына
26 қосымша

№	Елді мекен	Үйірлер, отарлар, табындардың саны		
		Iрі қара мал	Жылқылар	Ұсақ мал
1	Жезқазған қаласы	1	1	1
2	Кенгір ауылдық округі, Кенгір ауылы	3	3	3
3	Сарыкенгір ауылдық округі, Малшыбай ауылы	2	1	2
4	Талап ауылдық округі, Талап ауылы	1	1	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК